

КАЗАХСТАН ИГРАЕТ КЛЮЧЕВУЮ РОЛЬ В ОБЕСПЕЧЕНИИ СУХОПУТНЫХ ПЕРЕВОЗОК МЕЖДУ АЗИЕЙ И ЕВРОПОЙ – ЧЕРЕЗ НАШУ ТЕРРИТОРИЮ ПРОХОДИТ БОЛЕЕ 80% ТАКИХ ГРУЗОПОТОКОВ. В ЭТОМ КОНТЕКСТЕ ОСОБОЕ ЗНАЧЕНИЕ ПРИОБРЕТАЕТ РАЗВИТИЕ ТРАНСКАСПИЙСКОГО МЕЖДУНАРОДНОГО ТРАНСПОРТНОГО МАРШРУТА. МЫ ПРИВЕТСТВУЕМ РЕШЕНИЕ ПРАВИТЕЛЬСТВА ЯПОНИИ ПРИНЯТЬ УЧАСТИЕ В СОВЕРШЕНСТВОВАНИИ ТАМОЖЕННЫХ ПРОЦЕДУР В ПОРТУ АКТАУ И РАССЧИТЫВАЕМ НА АКТИВНОЕ ВОВЛЕЧЕНИЕ ЯПОНСКИХ КОМПАНИЙ В РАЗВИТИЕ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОЙ, ПОРТОВОЙ И ЛОГИСТИЧЕСКОЙ ИНФРАСТРУКТУРЫ ВДОЛЬ СРЕДНЕГО КОРИДОРА.

Касым-Жомарт ТОКАЕВ,
Президент Республики Казахстан



№108 (3147)
26/12/2025

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ
1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

БОЛЕЕ 80 ТЫСЯЧ НАГРАД

Более 80 000 работников АО «НК «ҚТЖ» отмечены наградами по итогам Года рабочих профессий, объявленного Главой государства. В течение года компания провела ряд стратегически важных инициатив, которые способствовали укреплению статуса рабочих профессий, поддержке трудящихся и значительному повышению уровня социальной защиты и комфорта своих сотрудников.

Алуа ТЛЕУБАЙ,
Астана


В 2025 году награды различного уровня получили более 80 000 работников компании, в том числе 166 – государственные награды. Среди них – обладатели высшего звания «Қазақстанның Еңбек Ері» и 65 отмечены высоким знаком «Почетный железнодорожник». Особое внимание уделено поощрению многолетнего добросовестного труда. Более 77 тысяч работников были отмечены знаками отличия за 10, 20 и 30 лет безупречной службы с выплатами от 100 до 300 тысяч тенге.

В рамках социальной политики компании расширены меры поддержки в сфере здравоохранения. Добровольным медицинским страхованием охвачены порядка 90 тысяч работников. Увеличены лимиты на приобретение лекарственных средств

и стоматологические услуги до 60 тысяч тенге, предусмотрено прикрепление к страховке членов семьи – до трех человек, а для многодетных работников – до четырех. Более 9 тысяч железнодорожников прошли санаторно-курортное лечение в здравницах Казахстана.

Также введена новая социальная льгота – предоставление оплачиваемого дополнительного отпуска ко Дню знаний и окончанию школы для родителей первокурсников и выпускников.

Для развития профессиональных компетенций проведены корпоративные программы обучения: «Лидер профессии», «Уздіктер алаңы», передвижная школа внутренних тренеров «Білім экспрессі», конкурс на лучшие практики в области операционной безопасности, в которых приняли участие руководители и работники линейного, регионального



уровня, в том числе из кадрового резерва. Обучением по обзорному курсу по искусственному интеллекту был охвачен весь персонал компании.

В начале октября проведен профессиональный конкурс «Жас үздік маман» среди рабочей молодежи, цель которого – повышение имиджа рабочих профессий и выявление талантливых специалистов. В

2025 году конкурс прошел по пяти профессиям: дорожный мастер, дежурный по вокзалу, инженер по расшифровке скоростемерных лент, оператор по обработке перевозочных документов и проводник пассажирского вагона. Победители и призеры определялись по итогам проверки теоретических знаний и выполнения практических заданий.

Кроме того, в текущем году

работники группы компаний ҚТЖ приняли участие в «Чемпионате профессионалов» ОАО «РЖД» в Екатеринбурге (РФ), который объединил более трех тысяч железнодорожников стран СНГ. По итогам соревнований машинист Кызылординского отделения ГП Жасулан Смағұл продемонстрировал высокий уровень профессиональной подготовки и занял второе место.

Также лучших представителей рабочих профессий наградили в Астане, где состоялось торжественное итоговое мероприятие с участием государственного советника РК Ерлана Карина.

В ходе форума состоялась церемония вручения государственных наград лучшим представителям рабочих профессий. Кроме того, были награждены победители республиканского конкурса «Еңбек жолы» по трем номинациям: «Лучшая трудовая династия», «Лучший наставник работающей молодежи» и «Лучший молодой работник производства». В рамках мероприятия также чествовали победителей конкурса «Ерлік пен еңбек дастаны», а также участников проекта «Жұмысшы жастар аманаты», направленного на поддержку и развитие потенциала рабочей молодежи.

Среди награжденных отмечены и железнодорожники. К примеру, трудовая династия железнодорожников с общим трудовым стажем 205 лет – семья Мусабеевых из Жанаркинского эксплуатационного локомотивного депо.

ӘЛЕМНІҢ ҮЗДІК КОМПАНИЯЛАР ТІЗІМІНДЕ



S&P Global халықаралық рейтингтік агенттігі 2025 жылғы 23 желтоқсанда Корпоративтік тұрақтылықты жаһандық бағалауда (CSA Corporate Sustainability Assessment) «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ ESG-бағалауының нәтижелерін жариялады.

2025 жылдың қорытындысы бойынша компанияға 75 балл берілді, бұл өткен жылғы көрсеткіштен 15 тармаққа жоғары. Қол жеткізілген нәтиже «ҚТЖ» ҰК» АҚ S&P Global бағалауынан өткен әлемнің жетекші көлік компанияларының (300-ден астам компанияның ішінде) топ-3% кіруге мүмкіндік берді.

ESG-рейтингі S&P Global тұрақты даму бағалаудың беделді халықаралық құралдарының бірі болып табылады және оны инвесторлар, қаржы институттары мен іскер серіктестер шешім қабылдауда кеңінен қолданады.

ESG-көрсеткіштерін арттыру компанияның тұрақты өсуге, тиімділікті арттыруға және жауапты бизнес жүргізуге бағытталған ұзақ мерзімді стратегиясына сәйкес келеді. Әлемдегі ең үздік көлік компанияларының қатарына кіру компанияның халықаралық деңгейде бәсекеге қабілеттілігін растайды.

S&P Global ұсынған «ҚТЖ» ҰК» АҚ рейтингінің нәтижелері S&P Global веб-сайтында мына сілтеме: spglobal.com/sustainable1/en/scores/results?cid=6936442 бойынша қолжетімді.

Ұлан ОРАЗ

ПРИЗНАНИЕ ЗАСЛУГ



Совместное предприятие железных дорог Казахстана, России и Беларуси АО «ОТЛК ЕРА» завершило 2025 год целой серией наград.

Ежегодная отраслевая премия в области транспорта и логистики «Магистраль Awards» организована при поддержке Евразийской экономической комиссии и Министерства транспорта РК. Ее цель – поощрение компаний и специалистов, внесших значимый вклад в развитие транспортной системы Евразии. В этом году в оргкомитет поступило более 100 заявок из стран ЕАЭС, СНГ и других государств. Победителей определяли в 21 номинации.

По итогам года жюри «Магистраль Awards» отметило АО «ОТЛК ЕРА» сразу пятью наградами – признанием профессионализма, устойчивого развития и вклада в будущее отрасли. Генеральный директор компании Алексей Гром удостоен награды «Транспорт Профи» – за личный вклад в развитие транспортной отрасли.

Директор по взаимодействию с органами государственной власти и международными организациями АО «ОТЛК ЕРА» Лариса Коршунова отмечена дипломом «За вклад в институциональное развитие транспортного каркаса Евразии». За системную реализацию экологических инициатив компания получила награду «Лидер экологической ответственности в логистике». АО «ОТЛК ЕРА» также признано «Надежным международным партнером».

Отдельно отмечен вклад АО «ОТЛК ЕРА» в развитие профессиональных компетенций. Проект мультифункционального интерактивного класса виртуальной реальности, созданный при поддержке компании, получил награду «За вклад в развитие транспортного образования».

По словам Алексея Грома, 2025 год для компании был годом серьезных испытаний на прочность и многочисленных вызовов. Каждый раз происходили существенные изменения в операционной, производственной и финансовой деятельности.

– В истории развития нашей компании он, пожалуй, был и остается одним из самых сложных с точки зрения производственно-коммерческой деятельности. По-своему уникальным, – поделился он в интервью portalu 1520International.

Годом ранее ОТЛК ЕРА установила рекорд по объему перевозок – порядка 750 тысяч ДФЭ.

Любовь РОББА

Логистика

ТҮБЕКТЕГІ ТАСЫМАЛ ЖАНДАНА ТҮСТІ

Маңғыстау темір жолымен астық тасымалы бірнеше есеге артқан. Өткен жылы желтоқсан айына дейін Ақтау теңіз портындағы Ақбидай және Оңтүстік терминалдарымен 380 мың тонна бидай жөнелтілсе, биыл 853 мың тоннаға жеткен. Бұл көрсеткішті Құрық портындағы екі астық терминалы тағы да ұлғайтып отыр.

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау

Маңғыстау жүк тасымалы бөлімшесі логистика бөлімінің басшысы Айбек Өтековтің мәліметінше, межелі мерзім ішінде түбек теміржолымен астық тасымалы бұрынғыдан анағұрлым көбейген. Былтыр Ақтау портындағы терминалдармен 110 кеме бидай жөнелтілген болса, биыл 262 кеме ауыстырып тиелген. Желтоқсан айында бұл процесс тағы да қарқынмен жалғасып жатқанын есепке алсақ, жылдың аяғына дейін көрсеткіш рекордтық деңгейге жететін түрі бар. Құрық портындағы өткен жылдың соңғы тоқсанында іске қосылған қос астық терминалындағы жағдай да жақсы. 2024 жылы қыркүйектен жыл соңына дейін алты кеме жөнелтілген еді, биылғы 11 айда 372 мың тонна жүк ауыстырып тиелген.

Соңғы кезде көшке қайта қосылған Бейнеу астық терминалы да өз қарқынымен жұмыстарын жандандыра бастаған. Осы жылдың басынан бергі 11 айда 83 вагон-5700 тонна астық түсірген. Түркімен теміржолына жаз айларында 15 вагон өнімін жіберсе, енді Әзербайжан, Өзбекстанға қарай жөнелтетін жүктерін дайындауда екен. Бұдан бөлек жергілікті халыққа да түрлі бидай өнімдерін шығарып, соған қажетті астықты тасымалдап отыр.



Түбектегі осындай оң өзгерістердің нәтижесінде темір жолдағы жалпы жүк айналымы артқан. Он бір айлық жоспар 111,8 пайызға орындалған. Жүк тиеу 107,6 пайызға жеткен. Жүк түсіруде де жоспар жеті вагонға көбейген немесе күніне орта есеппен 278 вагон түсірілген. – Өңірдегі жүк айналымы былтырғыға қарағанда жоғары. Биыл бұл тұрғыдан жүк тасымалына әсер ететін біраз өзгеріс болып, нәтижелер де соған сай жақсарып жатыр. Мәселен, ТХКБ бағытындағы көрсеткіштер өткен жылғыдан едәуір көп. Межелі мерзімде 225 кеме жіберілді. Оның ішінде 42 мың контейнерлік ауыстырып тиеу болды. Құрық портынан да жүк жөнелту деңгейі артты. Қараша айына дейін 1 млн 20 мың тонна жүк ауыстырып тиелді. Өткен айда басталған жөндеу жұмыстарына байланысты жұмыс сәл бәсеңдеді, соның себебінен көрсет-

кіштер былтырғымен бірдей деңгейді сақтады. Құрық портынан «Оңтүстік» портқа дейінгі станцияда жаңа тұйықтар ашылды. Оған 1440 жабық вагонмен, 50 платформа, 168 фитинглік контейнермен жүктер келді. 95 мың тонна жүк жөнелтілді. Былтыр 658 вагон түсіріліп, 60 мың тонна жүк жіберілген еді, – дейді Айбек Өтеков.

Болашақ – Түркіменстан бағытындағы жүк айналымы да артып, 1 млн 357 мың тонна жүк тасымалданған. Өткен жылғыдан 157 мың тоннаға көбейіпті. Алдағы уақытта тағы да жандана түседі деген болжам бар. Контейнерлік тасымал да күннен күнге артауда. Құрық портындағы жұмыстар бұдан былай бірнеше есеге дейін ұлғаяды деп күтілуде. Бұл порттан тасымал көлемін болашақта жеті миллион тоннаға дейін көбейту жоспарланған.

Суретті түсірген автор

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТКЕ ҮЛЕС ҚОСУДА

«Таза Қазақстан» экологиялық мәдениетін дамыту тұжырымдамасы шеңберінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ-да жүйелі негізде полигондарға жіберілетін қалдықтар көлемін азайту, сондай-ақ қоршаған ортаға теріс әсерді төмендету бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Нұрбек БЕКЕН,
Астана

Жиналған қалдықтар одан әрі кәдеге жарату және қайта өңдеу үшін мамандандырылған және мүдделі ұйымдарға беріледі. 2025 жылы өтеулі негізде 73 384 кг қалдық берілген, оның ішінде: макулатура – 22 422 кг, пластик – 6 519 кг, шыны – 1 247 кг, аккумуляторлық батареялар – 25 713 кг, пайдаланылған

кеңсе техникасы – 3 708 кг, автомобиль шиналары – 13 775 кг.

«Жолаушылар тасымалы» АҚ бойынша 2025 жылы кәдеге жаратуға: макулатура – 4 429 кг, пластик – 1 398 кг, шыны – 1 242 кг берілді. «ҚТЖ» – Жүк тасымалы» ЖШС макулатураны – 11 143 кг, пластикті – 1112 кг, әйнекті – 20 кг, кеңсе техникасын – 1 401 кг кәдеге жаратқан. «ҚТЖ» ҰК» АҚ – «Тасымалдау процесінің дирекциясы» филиалы

кәдеге жаратуға өткізді: макулатура – 1 575 кг, пластик – 493,7 кг, шыны – 28,8 кг, кеңсе техникасы – 1 220 кг.

Сонымен қатар табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыпты қарау мәдениетін қалыптастыру аясында теміржолшылар 2025 жылы бүкіл Қазақстан бойынша 180 мыңнан астам қошет отырғызды. Бұл бастама – сала қызметкерлерінің «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық қозғалысын қолдауға қосқан үлесі.



Мирамбек КЕНЖЕБАЕВ,
«ҚТЖ» ҰК» АҚ «Магистральдық желі дирекциясы» филиалы Жамбыл магистральдық желі бөлімшесінің директоры:

ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОЗҒАЛЫС ҚАУІПСІЗДІГІ ТУРАЛЫ АЙТҚАНДА, АДАМ – БАСТЫ КАПИТАЛ ДЕГЕН МӘСЕЛЕ АЛДА ТҰРУЫ ТИІС. ҚАТАҢ ТӘРТІП БІРІНШІ КЕЗЕКТЕ, ТЕМІРЖОЛШЫЛАРҒА ҚАУІПСІЗ ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЫН ЖАСАУ – БАСТЫ МІНДЕТ. ЖАЛПЫ ӨНДІРІС ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒАЛАРДЫ АЗАЙТЫП, ОЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ ҮШІН ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ МЕН НҰСҚА-УЛЫҚТАРДЫ САҚТАУДА ТАЛАПТЫ КҮШЕЙТУ ҚАЖЕТ

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

С НАЧАЛА ДЕКАБРЯ
УБРАНО СВЫШЕ

65 тыс.

КУБИЧЕСКИХ МЕТРОВ
СНЕГА С ЖЕЛЕЗНОДОРОЖ-
НЫХ ПУТЕЙ.

1 500 км

ПУТИ ОТРЕМОНТИРОВАЛО
АО «НК «ҚТЖ» ЗА
11 МЕСЯЦЕВ 2025 ГОДА.

73 тыс.

КИЛОГРАММОВ ОТХОДОВ
ПЕРЕДАЛО НА ПЕРЕРАБОТКУ
ҚТЖ В РАМКАХ АКЦИИ
«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН».

ӘДІСТЕМЕЛІК САБАҚ ӨТТІ

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау



СЕМИНАР

Атырау магистральдық желі бөлімшесі ғимаратының акт залында «Азаматтық қорғаныс имиджін көтеру» тақырыбында семинар-сабақ өтті.

Іс-шараны бөлімшенің азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар бөлімі ұйымдастырып, оған ПЧ, ПЧ, ЭЧ, НЖС-13 аппарат басқармасы, өрт сөндіру, қалпына келтіру пойыздары, вокзал шаруашылығынан азаматтық қорғанысқа жауапты мамандар – барлығы қырыққа жуық адам қатысты.



Іс-шараны бөлімше бас инженері Амангелді Рахмеденов ашып, өндірісте азаматтық қорғаныс шараларын дұрыс жүргізе білудің маңызына тоқталды. Сабақтың теориялық бөлімінде облыстық ТЖД Азаматтық қорғаныс басқармасының офицері Данабек Әзірбаев «Азаматтық қорғаныс дегеніміз не?» деген тақырыпта дәріс оқып, мамандар табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, жер сілкінісі, өрт қауіпсіздігі, газдан улану, өртсөндіргішті пайдалану, т.б. туралы айтты. «Мәселен, қарапайым телефон қуаттағыштан да өрт шығып жатады. Үй жылыту қазандарының мұржаларын тазалау да маңызды, өйткені газ жарылысы осы жерден болады. Шылымды сөндірмеу үлкен өртке ұласуы мүмкін, көліктегі газ баллонға жанармай құю тәртібін білу де маңызды. Қазір Жайық өзенінде мұз жұқа, сондықтан одан өтем деп суға кету қаупі жоғары. Мұздың қалыңдығы 25-30 см болған жағдайда ғана өту, онда да өте сақ болу қажет» деп атап өтті мамандар.

Практикалық бөлімінде ТЖД Жедел құтқару жасағының және Апаттар медицина орталығының дәрігерлері алғашқы медициналық көмек көрсету, жарақаттанудың алдын алу қағидасын, сондай-ақ түтінгі не газға уланғанда, өрт шыққанда, суға кеткенде, суға тұншыққанда, т.б. төтенше жағдайларда қандай іс-әрекет жасау керектігін көрсетті. Себебі көбінесе адамдар алғашқы медициналық көмек көрсету жөніндегі білімінің жоқтығынан жанындағы адамдарға, кейде тіпті туысы, танысы немесе досына көмек көрсете алмай жатады. Мамандар сондай-ақ көлік апаты кезінде, аяғы не қолы сынған сәтте қандай әрекет жасау, вена мен артерия қан тамырларының айырмашылығы, қанды қалай тоқтату, көз қарашығының жарық сезгіштігін, тамыр соғысын қалай байқау, тағы басқа көптеген әдіс-тәсілдерді іс жүзінде көрсетті. Іс-шара соңында азаматтық қорғаныс пен төтенше жағдай саласында жақсы жұмыс жасаған мамандарға бөлімше басшысының атынан Алғыс хат табыс етілді.

Суретті түсірген автор

ЖАҢҒЫРТУДЫ ҚАЖЕТ ЕТЕДІ

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе



АЙМАҚ

Ақтөбе-2 станциясы жаңғырту жұмыстарын қажет етіп отыр. Бұл қадам темір жолдағы қозғалыс қауіпсіздігін сақтап, тиімділік пен өнімділікті арттыруға сеп болмақ.

Ақтөбе-2 станциясы 2025 жылдың қаңтар-қазан айларында 10 982 пойыз қабылдап, 9 241 пойыз жөнелткен. Сұрыптау дөңесінен 131 217 вагон өткен. «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесінің байланыс және электрмен жабдықтау бөлімінің бастығы Жәнібек Жұмаевтың айтуынша, 1 класты станцияны жаңғырту бағдарламасы бойынша бірінші кезекте сұрыптау жолдарын және бұрмаларды орталықтандыру қажет. Бұл жұмыс қозғалыс қауіпсіздігін арттыруға, техникалық ақауларды азайтуға және теміржол жүйесінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

– Ақтөбе-2 станциясын жаңғырту аясында бірқатар маңызды жұмыстар жоспарланған. Жаңғырту жұмыстарының экономикалық әсері де айтарлықтай болмақ. Жобаның жүзеге асуы транзиттік пойыздардың тоқтау уақытын қысқартуға, сондай-ақ вагондар мен пойыздарды жылдам өңдеуге мүмкіндік береді. Мысалы, Қандыағаш станциясында транзиттік пойызды өткізу кезінде Ақтөбе станциясында транзиттік вагондардың тоқтау уақытын 11,08 сағатқа қысқартады, – деді Жәнібек Жұмаев.

Оның айтуынша, станциядағы 31 бұрманы орталықтандырудан қозғалыс қауіпсіздігі артып, жұмыс тиімділігі күшейе түспек. Қазіргі уақытта бұрмалар көбінесе жергілікті басқару арқылы ауыстырылады, бұл адам факторының ықпалын азайтуға және техникалық ақауларды болдырмауға септігін тигізеді. Сондай-ақ станцияның қабылдап-жөнелту жолдарын орталықтандыру жұмыстары да басталмақ. Жаңғырту станцияның жұмысын автоматтандырып, қозғалысты жылдамдатуға мүмкіндік береді. Әсіресе қабылдап-жөнелту жолдарына маневрлік сигналдар орнату, қозғалыс кезіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету, маневрлік жұмыстың тиімділігін арттырып, қателіктердің алдын алуға мүмкіндік бермек. Инфрақұрылымдарды жаңалау кезінде Ақтөбе-2 станциясында орналасқан шағын қуатты төбенің жұмысы да жетілдіріледі. Бұл төбе қазіргі таңда қолмен басқарылып, вагондарды сұрыптау және тарату ісін жүзеге асырады. Оның автоматтандырылуы жұмыс үдерісін жылдамдатуға ықпал етеді.

Ақтөбелік теміржолшылар Астанада өткен «Қозғалыс қауіпсіздігі мәдениеті» байқауынан осы жаңғырту жобасын ұсыну арқылы 2-орын алды. Бұл жай жоба емес, алда атқарылатын жұмыстар дейді теміржолшылар. Себебі Ақтөбе-2 станциясын жаңғырту теміржол инфрақұрылымының дамуына жаңа серпін береді. Бұрмаларды орталықтандыру, маневрлік сигналдарды орнату, қабылдап-жөнелту жолдарын электрлік орталықтандыру сияқты жаңғырту шаралары қозғалыс қауіпсіздігін жақсартып, станцияның жұмысын автоматтандырады.

Сұхбат

ҚАУІПСІЗДІК КҮН ТӘРТІБІНЕН ТҮСКЕН ЕМЕС

Қауіпсіздік семейлік теміржолшылардың күн тәртібінен түскен емес. Өңір еңбеккерлері баса күш салған іс-шаралар қатарында пойыз қозғалысы мен еңбек қауіпсіздігін сақтау алдыңғы орында тұр. Осынау аса өзекті тақырып аясында атқарылып жатқан жұмыстар туралы темір жолдағы қозғалыс саласында елеулі жылдар еңбек өтілі бар Семей ЖТ бөлімшесінің директоры Алмас Сейсемқанов әңгімелеп берді.



Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

– Алмас Ғылымұлы, әуелгі кезекте қауіпсіздік шараларын сақтау мен күшейтуде талап пен тәртіптің үйлесім табуы үшін қандай жұмыстар атқарылуда?

– Темір жолдағы қозғалыс қауіпсіздігі тек тәртіп пен ережелерден ғана тұрмайды. Оқыс жағдайлар мен жазатайым оқиғалардың алдын алу да аса маңызды. Бұл ретте бөлімше теміржолшылары аталған мәселені кешенді түрде қарастыруда. Мәселен, биылғы жыл басынан бері бөлімше көлемінде қауіпсіздік тақырыбында бірқатар оқыту семинарлары өткізілді. Соның ішінде 28 сәуір Дүниежүзілік еңбекті қорғау күніне орай ұйымдастырылған іс-шаралардың берері мол дер едім. Сондай-ақ «Денсаулық жағдайының кенеттен нашарлауы» және «Еңбекті қорғау бойынша техникалық инспекторлардың кәсібилік деңгейін арттыру» сынды семинарлар теміржолшылардың қауіпсіздігі мен алғашқы медициналық көмек көрсетудегі дағдыларын арттыруға септігін тигізуде. Кәсіби білім мен біліктілікті шыңдап отыру – қауіпсіздікті сақтаудағы алғышарттардың бірі. Әсіресе жас мамандардың қозғалыс қауіпсіздігі мәдениетін қалыптастыруына баса назар аударылуда.

– Құптарлық дүние. Десе де, биылғы жылдың басынан бері бөлімше көлеміндегі жұмыс орындарында еңбек жағдайларын жақсарту бойынша нақты қандай іс-шаралар қабылданды?

– Қауіпсіздікті сақтауда кәсіби біліктілікті арттыруға баса назар аударылуда. Біылғы жылдың ішінде бөлімше шеңберінде пойыз қауіпсіздігін бұзған үш оқиға тіркелді. Ал өткен жылы жеті оқиға болған еді. Яғни күш жұмылдырудың нәтижесінде желі бойындағы тосын жайттардың әлдеқайда төмендегенін көруге болады. Бұл – қуантарлық жағдай. Орын алған жайттарды зерделей келе, бірқатар нақты шаралар

билікті арттырумен қатар еңбеккерлерге қауіпсіз әрі жайлы жұмыс орнын қалыптастыруға да айрықша мән берілуде. Осы орайда биылғы жылы біршама жоспарлы жұмыстар жүргізілді. Мәселен, Семей станциясының ЭЦ орталығындағы сұрыптау дөңесі кезекшісіне арналған балкон қайта жаңғыртудан өткізілді. Сонымен қатар Жарма, «Ертіс зауыты», Күмістау сынды бірқатар станциялар мен Аягөздегі ТЧЭ-25 және Семейдегі ТЧЭ-24 мекемелерінде жөндеу жұмыстары жүргізіліп, теміржолшылар тәулік бойы пайдаланатын нысандар жақсартылды. Атап айтсақ, жылу желілері мен ғимараттардың ішкі жарықтандыру жүйелері ауыстырылды. Салалық кәсіподақ ұйымының көмегімен көптеген жұмыс орындарына кондиционерлер қойылып, тұрмыстық қажеттіліктер берілді. Мұндай жұмыстар қатарын тізе беруге болады. Маңыздысы, қауіпсіздікке ықпал ететін барлық мәселелер ескерусіз қалмай, теміржолшылар тарапынан айтылған өтініштер мен талап-тілектер толық қанағаттандырылуда.

– Пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін сақтау – басты мәселе. Осы бағыттағы шаруалар туралы бөлісе кетсеңіз.

– Биылғы жылдың ішінде бөлімше шеңберінде пойыз қауіпсіздігін бұзған үш оқиға тіркелді. Ал өткен жылы жеті оқиға болған еді. Яғни күш жұмылдырудың нәтижесінде желі бойындағы тосын жайттардың әлдеқайда төмендегенін көруге болады. Бұл – қуантарлық жағдай. Орын алған жайттарды зерделей келе, бірқатар нақты шаралар

қабылданды. Атап айтсақ, пойыз қауіпсіздігі ережелерін бұзуға жол бермеу үшін қозғалыс саласына қатысатын әрбір теміржолшымен жұмыс жүргізілді. Оған ескертулерден бөлек, техникалық оқытулардан өткізіп, білім жетілдіруге жіберуді де қосуға болады. Жалпы, бөлімше бойынша осыған дейін 1326 техникалық оқыту өтті. Оның 980 теориялық болса, 346-ы практикалық дәрістер. Сондай-ақ қауіпсіздікті сақтау профилактикасын жүргізуде бөлімшедегі әрбір пойыз құрастырушысымен жекелей диалог өткізілді. Әңгімелесу барысында пойыз құрастырушылар биыл ел көлеміндегі өз әріптестері тарапынан жіберілген ақаулықтардың себептерін айтып түсіндірді. Осылайша, 137 пойыз құрастырушымен жекелей жұмыс жүргізілді.

Сонымен қатар жыл басынан бері филиал басшылығы мен пойыз қозғалысы қауіпсіздігі қызметі технологиялық процестердің сақталуына, жылжымалы құрам мен техникалық жабдықтауды күтіп ұстау бойынша 1235-тен аса тексеру жүргізді. Анықталған кемшіліктер жедел түрде жойылып отырды. Бірқатар сенімділігі төмен жылжымалы құрамдар мен құрылғыларды пайдалануды тоқтату үшін шамамен 76 тыйым салу шарасы қабылданды. Сондай-ақ кейбір қызметкерлер білімдерін жоспардан тыс бағалау үшін комиссия қарауына жіберілді. Мұндағы мақсат қызмет сапасын арттыру еді.

– Теміржолшы ретінде сізді қауіпсіздік шараларын сақтауда толғандыратын негізгі мәселе не?

– Біз үшін теміржол бойында



қозғалыс қауіпсіздігін сақтау – аса маңызды мәселе. Өкінішке орай ол көп жағдайда бақылаудан шығып кетіп жатады. Оған бірінші кезекте, желі бойындағы қараусыз малдың теріс әсерін айтар едім, қараусыз жайылған төрт түліктің кесірінен жылжымалы құрамдардың шұғыл тежелу фактілері өткен жылғы кезеңмен салыстырғанда бірдей деуге болады. Өрине бұл бағытта ауқымды іс-шаралар атқарылып жатыр. Биылғы жылы да НЖС-6 бөлімшесі бойынша қараусыз малдан қорғайтын қоршаулар салу жұмыстары жүргізілді. Десек те, әлі де атқарылуы тиіс шаруалар жетерлік. Себебі Дегелен – Семей, Жаңа-Семей – Шар, Шар – Аягөз, Аягөз – Таңсық телімдерінде қараусыз мал бойынша мәселелер бар. Бөлімшеміз бойынша кірме жолдардағы қозғалыс қауіпсіздігін сақтау да күн тәртібінен түспей келеді. Тосын жайттардың алдын алу, ақаулықтарды болдырмау мақсатында көлік прокуратурасы мен көліктік бақылау инспекциясының өкілдерін шақыра отырып, кірме жолдардың кездерінен 10 мәрте клиенттік иелесулер өткіздік. Жиындарда қауіпсіздікті сақтау бойынша маңызды мәселелер бірлесіп талқыланды. Өрине жемісті нәтиже де бар. Жалпы бөлімше бойынша қозғалыс қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау бойынша келеңсіз көрсеткіштер жыл өткен сайын төмендеп келеді. Биылғы жылдың қорытындысы да жаман емес. Өйтсе де, осынау бағыттағы жұмыстарды алдағы уақытта да тың қарқынмен жалғастыра беретін боламыз.

– Әңгіменізге рахмет!
Суретті түсірген автор

Қорытынды

ҮЗДІКТЕР АНЫҚТАЛДЫ

Қызылорда белгі беру және байланыс дистанциясында жыл жұмысын қорытындылаған жиын өтті.



Жыл бойы пойыз қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында аянбай еңбек еткен сала мамандары бүгін өз білімін, білігін, тәжірибесін ортаға салды. Әр бригаданың өз учаскесінде атқарған жөндеу жұмыстары, байланыс және сигнализация құрылғыларына жасалған күнделікті кәсіби күтім деңгейі, ревизорлық тексерулердің қорытындысы, жалпы өндірістік тәртіп пен жауапкершілік, барлығы жан-жақты сарапқа салынды. Осындай қатаң әрі әділ бағалау нәтижесінде жүлделі орындар телімдер арасында тартысты бәсекеде анықталды. Нәтижесінде I орын Майлытоғай – 14-разъезд СОБ құрылғыларына қызмет көрсету бригадасына бұйырды. II орында Бірқан – Бәйгеқұм телімінің КТСМ бригадасы иеленді. Ал III орынға аға электромеханик Алмасбек Тұрымбетов басқаратын Механизация және автокөлік бригадасы лайық деп танылды.

Сонымен қатар жиын барысында жеке номинациялар бойынша да нағыз майталмандар анықталды. Сарапшылар еңбектерін ерекше бағалаған радиобайланысшы Есенәлі Мардан, СОБ маманы Бақыт Майгелдиев, байланысшы Ерсұттан Қыдырбаев, КТСМ маманы Қарасай Әділханұлы, сондай-ақ Жөндеу-технологиялық телімінің маманы Мырзабай Асқаров Жыл үздігі атағын иеленді.

Жиын соңында мекеме басшысы Әбдірахман Сырғабаяв жүлдегерлерді құттықтап, барлық теміржолшыларға алдағы уақытта да биік белестерді бағындырып, қауіпсіздік пен сапа жолындағы еңбектеріне жеміс тіледі. Ал кәсіподақ ұйымының төрайымы Ғалия Қожахметова үздіктерге естелік ретінде бағалы сыйлықтар табыстап, дистанция бастығының арнайы дипломдарын тапсырды.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ, Қызылорда
Суретті түсірген автор



Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,
Арыс

Мақсат – теміржол саласындағы жұмысшы мамандықтарының беделін көтеру, еңбек адамын дәртіпте, қызметкерлердің теориялық және практикалық дайындығын жетілдіру. Шараға Шымкент магистральдық желі бөлімшесі директорының бірінші орынбасары Жомарт Мырзабеков, «Қазтеміржолкәсіп» ҚБ Шымкент филиалының жетекшісі Нағима Салықбаевадан бөлек, қала әкімі Қайсар Маңқарав қатысып, теміржолшы мамандығы қала тарихында үлкен құрметке ие екендігін атап өтті.

Жиын Өңүрармен ашылып, қызметтік міндетін атқару барысында қаза тапқан теміржолшыларды еске алу мақсатында бір минуттық үнсіздік жарияланды. Байқау барысында қатысушылар екі кезең бойынша сынға түсті. Алдымен теориялық білімдерін тестілеу арқылы дәлелдесе, кейін практикалық тапсырмалар орындап, кәсіби шеберліктерін көрсетті. Сарапшылар алқасы нәтижелерді әділ бағалап, үздіктерді анықтады.

Байқау қорытындысында арнайы номинациялар бойынша жеңімпаздар анықталды: «Үздік жол жөндеуші» – Шымкент жол дистанциясының жол жөндеушісі Есберген Бақдәулет; «Үздік байланысшы» – Арыс белгі беру және байланыс дистанциясының электромеханигі Владимир Салтанов; «Үздік энергетик» – Түлкібас станциясының түйіспелі желі электромонтері Бақытжан Құрманалиев; ССІС машинистері арасында «Үздік машинист» – Шымкент электрмен

жабдықтау дистанциясының машинисі Мұқағали Тастанбек; Қалпына келтіру пойызы бойынша «Үздік маман» – Шымкент қалпына келтіру пойызының кран машинисі Владимир Шарапов; «Үздік өрт сөндіруші» – Түркістан өрт сөндіру пойызының өрт сөндірушісі Ердәулет Төлбасиев; «Үздік вокзал қызметкері» – Арыс теміржол вокзалы бастығының кезекші көмекшісі Айтқұл Сейсенбаева; «Үздік жол шебері» – Арыс пойызының дәнекерлеушісі Мейірман Есіркепов және Шымкент жол дистанциясының өткел кезекшісі Руслан Абдешов «Үздік өткел кезекшісі» деп танылды. Өз кәсібі бойынша топ жарған жеңімпаздарға арнайы сыйлықтар мен қаржылай сертификаттар табысталды.

